

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен
(2024 жылдың 25 қаңтарындағы
№ 11 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2024 жылдың 01 ақпанынан бастап
қолданысқа енгізілді

Трейдерлерді аттестаттаудан өткізу ТӘРТІБІ

Алматы қ.

2024

Трейдерлерді аттестаттаудан өткізу тәртібі

Осы Тәртіп "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және Биржа мүшелерінің трейдерлерін аттестаттаудан өткізу тәртібін, шарттары мен процедурасын анықтайды.

1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы Тәртіпте пайдаланылатын барлық ұғымдар (анықтамалар) мен қысқартулар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында пайдаланылатын ұғымдар мен анықтамаларға сәйкес келеді.
2. Аттестаттау Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес сауда-саттыққа қатысудан шеттетілген және Биржаның сауда-саттық жүйесімен жұмыс істеуге рұқсатынан айырылған Биржа мүшелерінің трейдерлері (бұдан әрі – трейдерлер) үшін өткізіледі.
Трейдерлерді аттестаттау оның кәсіби даярлығы мен біліктілік деңгейін анықтау, Қазақстан Республикасы заңнамасын, Биржаның ішкі құжаттарын және Биржаның сауда-клирингтік жүйесін білуін тексеру негізінде шеттетілген трейдерге сауда-саттыққа қатысуға рұқсат беруді қайта бастау мүмкіндігін объективті және ашық бағалау мақсатында жүргізіледі.
3. Аттестаттауды өткізудің объективтілігі тестілеу шарттарының, уақытының, нәтижелерін және мазмұнын есептеудің стандарттылығымен қамтамасыз етіледі.

2-тарау. АТТЕСТАТТАУДЫ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ

4. Трейдерді аттестаттау Аттестаттау комиссиясының қатысуымен жауап нұсқалары және трейдерге жауап парағы бар сұрақнаманы ұсыну жолымен өткізілетін тестілеу нысанында өткізіледі.
5. Трейдерді тестілеу осы Тәртіптің 1 қосымшасының нысаны бойынша толтырылған осы трейдер жұмыскері болып табылатын Биржа мүшесінің шеттетілген трейдерді аттестаттаудан өткізу туралы өтінішін Биржа алғаннан кейін екінші жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.
6. Алынған өтініштің негізінде Аттестаттау комиссиясының мүшелері тестілеудің өткізілетін уақыты мен күнін (осы Тәртіптің 5 тармағында белгіленген мерзімді ескере отырып) тағайындайды, оларды Аттестаттау комиссиясының хатшысы (бұдан әрі – хатшы) трейдерге оның жұмыс электрондық поштасының мекен-жайына хабарлама жіберу арқылы жеткізеді.
7. Аттестациялық комиссияның құрамы мен хатшының функциялары және міндеттері Аттестациялық комиссия туралы қағидамен және Биржаның өзге де ішкі құжаттарымен регламенттеледі.
8. Тестілеу басталғанға дейін трейдер хатшыға жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуі қажет.
9. Трейдер жеке басын куәландыратын құжатты ұсынғаннан кейін хатшы осы трейдерді тестілеуден өтуге жібереді.

3-тарау. ТЕСТІЛЕУДІ ӨТКІЗУ

10. Тестілеу басталар алдында хатшы жауаптары бар парақты толтыру тәртібі туралы егжей-тегжейлі нұсқама өткізеді, тестілеуден өту кезінде тестілеу нәтижелерін шығару критерийлері және тыйым салу туралы ақпарат түсіндіріледі, сондай-ақ трейдердің тестілеуге қатысты барлық сұрақтарына жауап береді.
11. Тестілеу басталғанға дейін трейдерге жауап нұсқалары бар сұрақнама және жауаптар парағы беріледі.

12. Жауаптар парағы көк немесе қара сиясы бар қаламмен толтырылады.
13. Хатшы тестілеудің басталу уақытын белгілейді және трейдерге оның аяқталу уақытын хабарлайды.
14. Тестілеу барысында трейдерге оқу, анықтамалық, арнайы және өзге де әдебиеттерді, сондай-ақ ұялы телефондарды және байланыс пен ақпаратты сақтаудың кез келген өзге де құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

Тестілеуден өту кезінде трейдер сөйлесе алмайды және тестілеу өткізілетін үй-жайдан шыға алмайды.

Жауаптар парағын бүлдіруге, жууға, жыртуға және түзету сұйықтықтарын пайдалануға, тестілеу өткізілетін үй-жайдан жауап парағын шығаруға жол берілмейді.
15. Трейдерге ұсынылған жауаптардың біреуін ғана таңдауға мүмкіндік беріледі. Әрбір сұрақ бойынша жауаптардың үш-бес нұсқасы болуы мүмкін.

Егер қандай да бір сұраққа жауап берілмесе, онда мұндай сұрақ есептелмейді (мұндай сұраққа жауап дұрыс емес деп есептеледі).
16. Осы Тәртіптің 14 тармағының шарттарының кез келгенін трейдер бұзған жағдайда Аттестаттау комиссиясы мұндай трейдерге ескерту жасауға, қайта бұзған кезде – мұндай трейдерді тестілеуден шеттетуге құқылы. Шеттетілген жағдайда мұндай трейдер тестілеуден өтпеді деп танылады және тестілеуден өткен күннен бастап бес жұмыс күнінен кейін қайта тестілеуге жіберілуі мүмкін.

Трейдерді тестілеуден шеттетуді хатшы сауда-саттық жүйесін пайдаланушылардың тестілеуден өту тізілімінде тіркейді.

Тестілеуден өту тізілімін жүргізуді хатшы Биржаның бэк-офистік жүйесінде жүзеге асырады.
17. Егер трейдер барлық сұрақтарға мерзімінен бұрын жауап берген жағдайда, оған Аттестаттау комиссиясының қатысып отырған мүшелеріне жауаптары бар парақты тапсыруға мүмкіндік беріледі.

4-тарау. ТЕСТІЛЕУДЕН ӨТУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

18. Тестілеуден өту үшін тест сұрақтарын сауда-саттық, мониторинг және қадағалау бөлімшелері Қазақстан Республикасының заңнамасына, Биржаның ішкі құжаттарына және Биржаның сауда-клирингтік жүйелерін пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес жасайды.

Сауда-саттық, мониторинг және қадағалау бөлімшелері әр сұрақ бойынша үштен беске дейінгі жауаптарды келтіре отырып және дұрыс жауап көрсете отырып, өз құзыреті шегінде сұрақтар тізбесін қалыптастырады, бұл ретте дұрыс жауаптар біреуден аспауы мүмкін.

Тестілеуден өту үшін жауаптар нұсқалары бар сұрақтар тізбесін сауда-саттық және қадағалау бөлімшелеріне жетекшілік ететін Биржа Басқармасының мүшелері келіседі және Аттестаттау комиссиясының мүшелері бекітеді. Жауаптар нұсқаларының арасында дұрыс нұсқа көрсетіледі.

Тест сұрақтары жасалатын Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің және Биржаның ішкі құжаттарының тізімі осы Тәртіптің 2 қосымшасында келтірілген.

5-тарау. ТЕСТІЛЕУ САНАТТАРЫ

19. Биржалық нарықтардың қайсысында трейдер сауда-саттыққа қатысудан шеттетілгеніне байланысты ол тиісті нарық бойынша тестілеуден өтеді ("Нарық" бағанында көрсетілген):

Нарық	Сұрақтардың жалпы саны	Тестілеуден табысты өту үшін дұрыс жауаптар саны	Жалпы уақыт, минут
-------	------------------------	--	--------------------

Трейдерлерді аттестаттаудан өткізу тәртібі

Нарық	Сұрақтардың жалпы саны	Тестілеуден табысты өту үшін дұрыс жауаптар саны	Жалпы уақыт, минут
Қор нарығы	50	40 және одан да көп	50
Шетел валюталарының нарығы	30	24 және одан да көп	30
Мерзімді нарық	30	24 және одан да көп	30

6-тарау. ТЕСТІЛЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

20. Жауаптары бар парақтағы жауаптарды тексеруді хатшы жүзеге асырады. Хатшы арнайы бөлінген орында жауаптары бар парақта дұрыс жауаптардың қорытынды санын көрсетеді және оны Аттестаттау комиссиясының мүшелеріне ұсынады.
21. Аттестаттау комиссиясының мүшелері осы Тәртіптің 19 тармағында келтірілген деректер негізінде трейдерді тестілеу нәтижесі туралы шешім қабылдайды.
22. Егер оның дұрыс жауаптарының саны тиісті нарық үшін осы Тәртіптің 19 тармағының кестесінде көрсетілгенге тең немесе одан көп шаманы құраған жағдайда, трейдер аттестаттаудан өтті деп танылады.
Егер трейдердің дұрыс жауаптарының саны тиісті нарық үшін осы Тәртіптің 19 тармағының кестесінде көрсетілгеннен аз шаманы құраған жағдайда, мұндай трейдер аттестаттаудан өтпеді деп танылады.
23. Аттестаттау комиссиясының мүшелері осы Тәртіптің 21 тармағында көрсетілген шешімді қабылдағаннан кейін трейдерге Аттестаттау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қойған, осы Тәртіпке 3 қосымшаға сәйкес оның тестілеу нәтижесі туралы есеп беріледі. Биржаның мүшесіне трейдерді тестілеу нәтижесі туралы есептің көшірмесі қоса берілген жазбаша хабарлама жіберіледі.
24. Тестілеу нәтижесін хатшы Биржаның бэк-офистік жүйесінің тестілеуден өту тізілімінде тіркейді.
25. Тестілеу өткізілгеннен кейін Аттестаттау комиссиясының хатшысы Аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасын жасайды, онда отырыстың күні, уақыты және орны, сондай-ақ отырысқа қатысып отырған Аттестаттау комиссиясының мүшелері және тестілеуден өткен тұлғалардың тізімі түріндегі трейдерлерді тестілеу нәтижелері тіркеледі. Отырыс хаттамасына Аттестаттау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қояды және сауда-саттық бөлімшесінде сақталады.
26. Егер трейдер Биржаның тестілеуінен өтпеген жағдайда, оған тестілеуден өткен күннен бастап бес жұмыс күнінен ерте емес қайта тестілеуден өту ұсынылады.
27. Жұмыскері трейдер болып табылатын Биржа мүшесіне тестілеуді қайта тапсыру үшін Биржаға осы Тәртіптің 1 қосымшасының нысаны бойынша трейдердің қайта аттестаттаудан өткені туралы өтініш беру қажет, одан кейін Аттестаттау комиссиясы қайта тестілеуді өткізу күні мен уақытын тағайындайды. Хатшы трейдерге қайта тестілеуді өткізу уақыты мен күні туралы ақпаратты жеткізеді.

7 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

28. Осы Тәртіпке уақтылы өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу (өзектендіру) жауапкершілігі сауда-саттық бөлімшесіне жүктеледі.

29. Осы Тәртіп қажеттілігіне қарай өзектендіруге жатады.
30. Осы Тәртіп осы Тәртіп қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін әрбір үш жылда кемінде бір рет, ал ол өзектендірілген жағдайда – Тәртіпте соңғы өзгертулер/толықтырулар қолданысқа енгізілген күннен бастап қайта қаралуға тиіс.

Басқарма төрайымы

А. Ө. Алдамберген

Трейдерлерді
аттестаттаудан өткізу
тәртібіне

1 қосымша

[фирмалық бланкіде]

**Шеттетілген трейдерге аттестация өткізу туралы
ӨТІНІШ**

Осымен [ұйымның атауы] атынан сауда-саттыққа және сауда-саттық жүйесімен жұмыс істеуге қатысуға рұқсат беруді қайта бастау мақсатында келесі трейдерге аттестация өткізуді сұраймыз:

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
Бастапқы/қайта аттестаттау	
Сауда-саттыққа қатысудан шеттету және Биржаның сауда-саттық жүйесімен жұмыс істеуге рұқсаттан айыру күні	
Трейдер сауда-саттыққа қатысудан шеттетілген және Биржаның сауда-саттық жүйесімен жұмыс істеуге рұқсат беруден айырылған биржалық нарық	
Жұмыс электрондық пошта мекен-жайы	
Жұмыс және ұялы телефон нөмірлері	

[Бірінші қол қою құқығы бар
тұлғаның лауазымы]

[қолтаңба]

[тегі, аты-жөні]

["ЖЖЖЖ айының КК" форматындағы күн]

**Тест сұрақтарының тізбесін дайындау үшін "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа)
нормативтік құқықтық актілерінің және ішкі құжаттарының**

ТІЗІМІ

№ р/с	Құжаттың атауы
I.	Жалпы тест сұрақтары
1.1	Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі
1.2	"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Заң
1.3	"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Заң
1.4	ҚРҰБ Басқармасының 2014 жылдың 3 ақпанындағы №9 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру ережелері
1.5	ҚҚА Басқармасының 2008 жылдың 29 қазанындағы №170 қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен саудасаттықты ұйымдастырушының қызметін жүзеге асыру ережелері
1.6	ҚРҰБ Басқармасының 2018 жылдың 28 желтоқсанындағы №319 қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында бағалы қағаздар нарығы субъектісінің және өзге де тұлғалардың іс-қимылдарын жасалды деп тану ережелері мен шарттары
1.7	ҚРҰБ Басқармасының 2018 жылдың 28 желтоқсанындағы №319 қаулысымен бекітілген Сараптама комитетін, сондай-ақ оның сандық құрамын құру және оның жұмыс істеу қағидалары
1.8	Биржалық кеңестің 2013 жылдың 25 сәуіріндегі шешімімен бекітілген (№10 хаттама) Кәсіби әдеп және іскерлік мінез-құлық ережелері
1.9	Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2019 жылдың 16 қыркүйегіндегі №44 хаттама) Мүшелік туралы ереже
1.10	Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2019 жылдың 04 қазанындағы №47 отырыс хаттамасы) Биржаның бағдарламалық-техникалық кешенінің жұмысындағы техникалық іркілістер кезінде мәселелерді шешу ережелері
II.	Валюта нарығы мүшелерінің трейдерлеріне арналған мамандандырылған тест сұрақтары
2.1	Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен бекітілген (№45 хаттама) Биржалық қызметті жүзеге асыру ережелері

Трейдерлерді аттестаттаудан өткізу тәртібі

№ р/с	Құжаттың атауы
2.2	Басқарманың 2020 жылдың 04 маусымындағы шешімімен бекітілген (№ 74 хаттама) Сауда-саттық және бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс регламенті
2.3	Басқарманың 2020 жылдың 17 қарашасындағы шешімімен бекітілген (№ 151 хаттама) Валюта свопы операцияларының және шетел валютасымен операциялардың ерекшелігі
2.4	Басқарманың 2020 жылдың 20 қарашасындағы шешімімен бекітілген (№ 153 хаттама) АҚШ доллары бағамына арналған жеткізілім фьючерсінің ерекшелігі
2.5	Директорлар кеңесінің 2016 жылдың 31 тамызындағы шешімімен бекітілген (№ 22 хаттама) Маркет-мейкерлер туралы қағида
2.6	Басқарманың 2019 жылдың 29 қарашадағы шешімімен бекітілген Маркет-мейкерлер қызметінің қағидалары (№ 147 хаттама)
2.7	Пайдаланушының ASTS+ (валюта нарығы) сауда-клирингтік жүйесімен жұмыс жөніндегі нұсқауы
III.	Қор нарығы мүшелерінің трейдерлеріне арналған мамандандырылған тест сұрақтары
3.1	Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен бекітілген (№ 45 хаттама) Биржалық қызметті жүзеге асыру ережелері
3.2	Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен бекітілген (№ 21 хаттама) Бағалы қағаздарға жазылу жүргізу ережелері
3.3	Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 15 желтоқсанындағы шешімімен бекітілген (№ 70 хаттама) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерін орналастыру ережелері
3.4	Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 03 маусымындағы шешімімен бекітілген (№ 18 хаттама) Орталық контрагенттің қатысуынсыз бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу және олар бойынша есеп айырысуларды (гросс-есеп айырысулар) жүзеге асыру тәртібі
3.5	Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 15 тамызындағы шешімімен бекітілген (№ 85 хаттама) Орталық контрагенттің қатысуымен бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу тәртібі
3.6	Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 21 мамырындағы шешімімен бекітілген (№ 16 хаттама) Репо операцияларын жүзеге асыру ережелері
3.7	Басқарманың 2020 жылдың 09 маусымындағы шешімімен бекітілген (№ 78 хаттама) "Автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операцияларының ерекшелігі
3.8	Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен бекітілген (№ 45 хаттама) Сауда-клирингтік жүйелерінде сауда-саттық өткізу әдістері туралы қағида
3.9	Директорлар кеңесінің 2016 жылдың 31 тамыздағы шешімімен бекітілген (№ 22 хаттама) Маркет-мейкерлер туралы қағида
3.10	Биржа Басқармасының 2020 жылдың 04 маусымындағы шешімімен бекітілген (№ 74 хаттама) Сауда-саттық және бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс регламенті
3.11	Басқарманың 2019 жылдың 29 қарашасындағы шешімімен бекітілген (№ 147 хаттама) Маркет-мейкерлер қызметінің ережелері

Трейдерлерді аттестаттаудан өткізу тәртібі

№ р/с	Құжаттың атауы
3.12	Пайдаланушының ASTS+ (қор нарығы) сауда-клиринглік жүйесімен жұмыс жөніндегі нұсқауы
IV.	Деривативтер нарығы мүшелерінің трейдерлеріне арналған мамандандырылған тест сұрақтары
4.1	Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешімімен бекітілген (№ 45 хаттама) Биржалық қызметті жүзеге асыру ережелері
4.2	Биржа Басқармасының 2020 жылдың 04 маусымындағы шешімімен бекітілген (№ 74 хаттама) Сауда-саттық және бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс регламенті
4.3	Директорлар кеңесінің 2016 жылдың 31 тамызындағы шешімімен бекітілген (№ 22 хаттама) Маркет-мейкерлер туралы қағида
4.4	Басқарманың 2019 жылдың 29 қарашасындағы шешімімен бекітілген (№ 147 хаттама) Маркет-мейкерлер қызметінің ережелері
4.5	Басқарманың 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен бекітілген (№ 61 хаттама) Шетел валютасының теңгеге бағамына фьючерстердің ерекшелігі
4.6	Басқарманың 2021 жылдың 23 маусымдағы шешімімен бекітілген (№ 61 хаттама) KASE индексіне фьючерстің ерекшелігі
4.7	Басқарманың 2021 жылдың 23 маусымындағы шешімімен бекітілген (№ 61 хаттама) Қазақстандық эмитенттердің акцияларына фьючерстердің ерекшелігі
4.8	Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 13 шілдедегі шешімімен бекітілген (№ 22 хаттама) Мүшелік жарналар, биржалық және клиринглік алымдар туралы, кепілдік қамтамасыз етуді есепке алу комиссиясы туралы қағида

Трейдерлерді аттестаттаудан
өткізу тәртібіне

3 қосымша

Тестілеу нәтижесі туралы

Е С Е П

Күні мен уақыты:

Тегі, аты, әкесінің аты:

Ұйым:

№	Биржа нарығы	Сұрақтар саны	Дұрыс жауаптар саны	Дұрыс емес жауаптар саны	Тестілеу нәтижесі (өтті/өтпеді)

Аттестаттау комиссиясының төрағасы

(қолы)

қадағалау бөлімшесінің жұмыскері

(қолы)

мониторинг бөлімшесінің жұмыскері

(қолы)

Аттестаттау комиссиясының хатшысы

(қолы)